

**2025 -2026 оқу жылындағы Бестамақ орта мектебі бойынша Қамқоршылық кеңесі
отырысының
хаттамасы
№1**

Бестамақ орта мектебі

29.08.2025 жыл

Қатысқандар:

Мектеп директоры Тилимбаева Асель Булатовна

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы - Султанов Мерғали Жанағалиевич

Кеңес мүшесі - Уразалина Гульнара Басаровна

Кеңес мүшесі - Есекенова Самал Сапарғалиева

Кеңес мүшесі - Султанова Айнур Сериковна (онлайн)

Кеңес мүшесі - Қолғанатов Серік Сейтжанұлы

Кеңес мүшесі - Ермекбай Қуанышбек Сәндігерейұлы

Қатыспағандар:

Кеңес мүшесі - Ажигалиева Кулпаршин Мунайтпасовна

Кеңес мүшесі - Наушина Гарифа Баймашқызы

Күн тәртібінде:

1. Мектеп формасы туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің талаптарына сәйкес оқушылардың бірыңғай мектеп формасын сақтау мәселесі. (Мектеп директоры А.Тилимбаева)
2. «Мектепке жол» республикалық акциясы . 2025–2026 оқу жылына аз қамтылған, көп балалы, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету жұмыстары; Ата-аналармен түсіндіру жұмыстары және әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға көмек ұйымдастыру. (Әлеуметтік педагог С.Рустем)
3. Оқу жылына дайындық барысы .Мектептің материалдық-техникалық базасын тексеру және оқу құралдарымен қамтамасыз ету жағдайы.
4. Оқушылардың жаңа оқу жылына оқулықтармен қамтылуы (Мектеп кітапханашы С.Дильжанова)
5. Алдағы оқу жылындағы жоспарлар мен ұсыныстар.

Алғашқы сөз кезегін мектеп директоры А.Тилимбаева алды. Бүгінгі кеңес отырысының күн тәртібімен таныстырды. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз кезегін мектеп директоры А.Тилимбаева алды.

Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 30.12.2024 жылғы №22-4-22-5/8855 тапсырмасына сәйкес білім беру ұйымдарының мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауы бойынша және «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 47,49 -баптарына сәйкес білім беру ұйымдарының Жарғысына және Ішкі тәртіп ережелеріне өзгерістер енгізілуі туралы хатына сәйкес 2025 жылдың 7 қаңтар күні мектептің Қамқоршылық кеңес мүшелерімен келісіліп, 2025 жылдың 8 қаңтардағы педагогикалық кеңесінің №2 хаттамасының шешімі бойынша мектепшілік тәртіп Ережелеріне өзгерістер енгізілді. 2025 жылдың 29 шілде күні жалпы ата-аналар жиналысында ата -аналарға мектеп формасының үлгісі көрсетіліп, таныстырылды. Бекітілген Ереже бойынша қыз балалар үшін: тізеге дейін көк түсті юбка, көк түсті жакет және ақ жейде. Ұл балалар үшін: классикалық үлгідегі көк түсті шалбар, көк түсті пиджак және ақ жейде мектеп формасын киюге міндеттеледі.

Білім алушыларға мынадай киім киюге тыйым салынады

- Әртүрлі конфессиялардағы діни бірлестіктердің киімдері мен элементтерін қосуға (хиджаб,никаб,шапан,бетперде,сикхтар,сәлдесі иудейлер бас киімі, «ірі» христиандық крестер және т.б.)сонымен қатар бас киімдер (орамал,кимешек,береткелар) ;
- Мектеп формасына аксессуар ретінде-көлемді сырғалар,түйреуіштер,әшекейлер,сақиналар,мойын орамалдар,жарқын макияж және маникюр,жарқын ерін далабын,көлемді доғалы белдіктер,әдеттен тыс шаш бояуға;



- Оқушылардың ережесі негізінде мекемеге ұялы телефон, смартфон әкелуге тыйым салынады.

Сөз алған кеңес мүшесі Г.Уразалина:

-Мектептің ішкі тәртіп Ережесіндегі бірыңғай мектеп формасын сақтау – оқушылардың тәртібіне, бірдейлікке әсер ететін маңызды талап екенін атап өтті.

Кеңес мүшесі С.С.Есекенова сөз алды:

-Биылғы оқу жылындағы оқушылардың мектеп формасының үлгісі талапқа сай, түсі де, юбка, жакеттерінің, шалбарларының классикалық үлгіде болуы өте дұрыс. Мектеп формасының бірыңғайлығы оқушылардың бір – бірімен тең дәрежеде көзқарастарын қалыптастырады. 2025-2026 оқу жылына арналған мектеп формасы өткен оқу жылының аяғында өткен ата - аналар жиналысында ата -аналармен талқыланып, ата -аналарға таныстырылған болатын. Ата -аналар да осы мектеп формасын қолдады. Сол жиналыста ата-аналар мен оқушыларға бұл талаптың маңыздылығы туралы түсіндіру жұмыстарын жалғастыру керек екені туралы ұсыныстар айттық.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогы С.Рүстем сөз алды. Акция ұраны: «Жақсылық жаса – балаға қуаныш сыйла!» Мақсаты: Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балаларды жаңа оқу жылына дайындау және оларға қолдау көрсету. «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясын ұйымдастыру және өткізу бойынша іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Әлеуметтік мәртебеге не көмекке мұқтаж отбасыларға азық-түлік, киім кишек жеткізу үшін демеушілерді жұмылдыру жұмыстары жүргізілді. Мектепке дайындық кезеңінде қолдауды қажет ететін оқушылар анықталып, тізім құрылды. Ауыл дүкендеріне демеуші болуға ұсыныс хат жолданды. Әрбір онкүндікте қайырымдылыққа жұмсалған жалпы сомма, көмек көрсетілген оқушы саны анықталып, әлеуметтік желілерде жарияланып отырды. Акция барысында 20 оқушыға 290 мың теңге көлемінде қаражат жұмсалды. Бестамақ орта мектебінің биология пәні мұғалімі А. Куртекова әлеуметтік жағдайы төмен 1 отбасының 2 баласына 7 сынып оқушысы Байғана Қолқанат, 5 сынып оқушысы Байғана Ақботаға 15 мың теңге көлемінде оқу-құрал, әлеуметтік педагог С. Рүстем көп балалы отбасындағы Қыдырғали Мухаммад 4 сынып оқушысына 10 мың теңге көлемінде мектеп формасы, музыка пәні мұғалімі К. Булекбаева аз қамтылған отбасындағы 1 оқушыға 10 мың теңге көлемінде оқу-құралдарымен, лаборант қызметін атқарушы С. Жампейсова 10 мың теңге көлемінде толық емес отбасындағы 1 оқушыға аяқ-киіммен демеушілік етті. Алға аудандық Хазірет Мұхамедқазы Меңдікұлы атындағы мешіт имамы Абдурасулов Абдувахит Абдукаримович 150 мың теңге көлемінде аз қамтылған отбасындағы 10 оқушыны мектеп сөмкесі және оқу-құралдарымен қамтамасыз етті. «Баланы мектепке дайындайық!» атты қайырымдылық акциясында Аманат партиясы есебінен 3 оқушыға мектеп сөмкесі мен оқу-құралдары берілді. Бестамақ ауылдық округінде «Ануар» магазинінің қожайыны Карашбаева Бактылы 2 оқушыға мектеп сөмкесі мен оқу-құралдарымен демеушілік етті. Жеке кәсіпкер Сейтекенова Мерует аз қамтылған отбасындағы 1 оқушы Деганов Андрейге спорттық киім, мектеп формасы, аяқ-киіммен демеушілік етті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп директоры А.Тилимбаева сөз алды. Мектептің жаңа 2025-2026 оқу жылына дайын екендігін атап өтті. Мектептің барлық кабинеттері мен дәліздері ақталып, сырланғанын айтты.


Күн тәртібіндегі төртінші мәселесіне мектеп кітапханашысы С.Дильжанова сөз алды. 1-11 класс оқушыларын мектеп оқулықтарымен 100% қамтылып қазіргі уақытта оқушыларға таратылды. Биылғы оқу жылында 4,7,8,10,11 класс оқулықтары жаңартылып келді. Атап айтқанда 4 қазақ классына еңбекке баулу, бейнелеу өнері, орыс тілі, жаратылыстану, 4 орыс классына ИЗО, трудовое обучение, естествознание және ағылшын тілі қазақ орыс классына. 7 қазақ классына ағылшын тілі, география, қазақ әдебиеті, русский язык и литература, биология, физика, химия, қазақстан тарихы, алгебра, геометрия, көркем еңбек ұл, қызға. 7

язык, алгебра, геометрия, химия, қазақ тілі мен әдебиеті, история қазақстана, художественный труд для девочек и мальчиков. 8 қазақ классына қазақстан тарихы, география. 8 орыс классына история қазақстана, география. 10, 11 қазақ орыс класстарына АӨД, НВП. Құқықтану негідері мен основа права оқулықтары оқушы саны бойынша келді.

Жаңа оқу жылына қатысты ой - пікірлерін білдіріп, оқу мен тәрбие сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстарын ортаға салды.

Қаулы етеді:

1. Мектеп формасына қатысты талап қатаң сақталсын және ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.
2. «Мектепке жол» республикалық акциясының жұмысы жалғасын тапсын.
3. Мектептің қазіргі материалдық-техникалық базасының жағдайы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
4. Оқушылардың оқулықтармен қамтылуы «қанағаттанарлық» деп танылсын

Кеңес төрағасы:  Султанов М.Ж.
Кеңес хатшысы:  Альмуханова А.А.